«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
АПКОМ-ның 04.08.2017 ж. №93 шешіміне қосымша,
АНПОКМ шешімі бойынша өзгерістермен және толықтырулармен:
2017 ж. №121, 17.07.2018 ж. №91, 24.04.2020 ж. №48, 24.12.2021 ж. №152, 23.09.2022 ж. №130, 30.12.2022 ж. №187, 18.04.2023 ж. №52, 30.07.2025ж. №105, 25.02.2026ж. №25, 06.03.2026ж. №30, 05.05.2026ж. №57, 21.05.2026ж. №64, 24.09.2026ж. №123

Бөлшек кредит беру бойынша тарифтер

№	Операция атауы	Алынатын комиссия	Ескерту
1.	**Қарызды ұйымдастыру үшін комиссия**		
1.1.	«Біржолғы заем (жалақы жобасына қатысатын тұлғалар)», «Біржолғы заем (Зейнетақылық кредит)» және «Біржолғы заем (жалақы жобасына қатыспайтын тұлғалар)» бағдарламалары бойынша заем ұйымдастыру	4%	Әрбір заем сомасынан
1.1.1.	Біржолғы заем (жалақы жобасының қатысушылары)», «Біржолғы заем (Зейнеткерлерге арналған кредит)» және «Біржолғы заем (жалақы жобасына қатыспайтындар)» бағдарламалары бойынша Halyk Widget (BaaS) жобасы шеңберінде Серіктестердің мобильдік қосымшалары арқылы заемды ұйымдастыру	6%	Әрбір заем сомасынан
1.2.	Заем (кредит желісі бойынша транш) ұйымдастыру:		Әрбір заем/транш сомасынан
	– «Банктік заем кепілі бойынша» бағдарламасы	1%	
	– Ипотекалық тұрғынүй бағдарламалары бойынша	1%	
	– «Кезек күттірмейтін мұқтаждықтарға» бағдарламасы	2% + 20 000 теңге	
	– «Автокөлік сатып алуға (сериктес көлік салондары)» бағдарламасы	0 теңге	
2.	**Берілген заем талаптарын өзгерткені және заемды мерзімінен бұрын өтегені үшін комиссиялар**		
2.1.	– өтеу кестесін; – заем валютасын; – сыйақы мөлшерлемесін; – заемды өтеу әдістерін.	0,1%, бірақ кепілсіз несиелеу бағдарламалары бойынша кемінде 3 000 теңге	Несиелік берешек қалдығынан
		0,1%, бірақ кепілді несиелеу бағдарламалары бойынша кемінде 30 000 теңге	
	- төлем күнін төлем кестесін өзгерту аясында өзгерту	3 000 теңге кепілсіз несиелеу бағдарламалары бойынша	Банктің офлайн арналарында (Бөлімшеде) және "Halyk" мобильді қосымшада
		30 000 теңге кепілді кредит беру бағдарламалары бойынша	
2.2.	Мына мәселелерді қарау үшін комиссия: – заемшының (қосарлы заемшының), кепілгердің (кепіл болушының) бастамасы бойынша заемшыға (қосарлы заемшыға), кепілгерге (кепіл болушыға) байланысты талаптарды өзгерту бойынша; – заем бойынша кепіл затына ауыртпалық салу талаптарын өзгерту бойынша, сондай-ақ кепіл затын ауыстыру кезінде; – кепіл берушіні ауыстыру бойынша; – клиенттің өтініші бойынша клиенттің кредиттік досьесіндегі кепіл мәніне құқық белгілеуші құжаттарды беру бойынша; – кепіл беруші ауысқан кезде пайдалануға берілген мүлікке меншік құқығын және (немесе) кепіл құқығын ресімдеу жөнінде қызмет көрсету бойынша; - жылжымайтын мүліктің нысаналы мақсатын өзгерту, жер учаскелерін үлестерге бөлу бойынша қызмет көрсету бойынша.	0,1 %, бірақ жылжымайтын мүліктің, көлік құралдарының, салымшының банктік салым шарты бойынша құқықтарының және заңды тұлғаның кепілдігінің кепілі бойынша кредит беру бағдарламалары бойынша кемінде 30 000 теңге	Несиелік берешек қалдығынан
2.3.	Мына мәселелерді қарау үшін комиссия: – клиенттің өтініші бойынша жеке тұлғаның тұрғылықты жері бойынша тіркеуге (тіркеуден шығаруға), кепілмен қамтамасыз ету аумағында жүргізілген қайта жоспарлауды, құрылыстарды, жапсарлас құрылыстарды заңдастыруға келісім туралы анықтама беру бойынша;	2 000 теңге	Берілген әрбір анықтама үшін, бұл тарифке ҚҚС салынады
	Мына мәселелерді қарау үшін комиссия: – клиенттің өтініші бойынша кепілді қамтамасыз ету болып табылатын көлік құралының тіркеу нөмірін ауыстыруға, көлік құралын тіркеу туралы куәлікті қайта ресімдеуге, көлік құралы бойынша жоғалған құжаттарды қалпына келтіруге рұқсат туралы анықтама беру бойынша.	10 000 теңге	
3.	**Заемды мерзімінен бұрын өтегені үшін комиссия***		
3.1.	**Банктің (бөлімшенің) офлайн арналарында**:**		

3.1.1.	Банктік заем шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде толық өтегені үшін	0 теңге	
3.1.2.	Заемды мерзімінен бұрын (толық/ішінара) өтегені үшін: 1) бір жылға дейінгі мерзімге берілген заемды алған күннен бастап алты айға дейін; 2) бір жылдан астам мерзімге берілген заемды алған күннен бастап бір жылға дейін.	0 теңге	
3.1.3.	Заемды мерзімінен бұрын (толық/ішінара) өтегені үшін: 1) бір жылға дейінгі мерзімге берілген заемды алған күннен бастап алты айдан кейін; 2) бір жылдан астам мерзімге берілген заемды алған күннен бастап бір жылдан кейін.	0 теңге	
3.2.	**«Halyk» мобильді қосымшасында:**		
3.2.1.	Заемды мерзімінен бұрын (толық/ішінара) өтегені үшін	0 теңге	
4.	**Тұрақсыздық айыбы: айыппұлдар мен өсімақы**		
4.1.	Кепіл бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін өзге де айыппұлдар (кепілге берілген мүліктің сақталуын қамтамасыз етпеу/клиент Кепіл шартын бұза отырып, кепіл мәнімен мәмілелер жасаған кезде/кепіл берушінің кінәсінен кепіл мәнінің нарықтық құны жоғалған, бүлінген, жойылған немесе айтарлықтай азайған жағдайда, оның ішінде кепіл ұстаушының жазбаша келісімінсіз кепіл мәнін қайта жоспарлау/кепіл берушінің кінәсі болған кезде, заңдарда немесе орындау үшін міндетті өзге де актілерде белгіленген негіздер бойынша кепіл мәніне кепіл берушінің меншік құқығы тоқтатылған кезде/кепіл мәні болып табылатын мүліктің нысаналы мақсаты өзгерген кезде)	5%	Несиелік берешек қалдығынан. ККШ бойынша алынады
4.2.	Кепілмен қамтамасыз етуді уақтылы ресімдемеу (құрылысқа үлескер қатысушылардан басқа) (кепіл шартын ресімдеуді кешіктіру, заемшының кепіл мүлкін уақтылы бермеуі, кепіл мәнін алмастыру мерзімін бұзу)	5%	Кепілмен қамтамасыз етілмеген негізгі борыштан, бірақ несиелік берешек қалдығынан 20%-дан көп емес. ККШ бойынша алынады
4.3.	Заемдар бойынша төлемдерді өтеу мерзімдерін бұзу (сыйақыны, негізгі борышты өтеу мерзімдерін бұзу)	**Кепілсіз кредит беру бағдарламалары бойынша:** күнтізбелік 90 күнге дейін - 0,5%, бірақ заем сомасынан 10% көп емес, күнтізбелік 90 күннен кейін - 0 теңге **Кепілді кредит беру бағдарламалары бойынша:** күнтізбелік 90 күнге дейін - 0,5%, күнтізбелік 90 күннен кейін - 0,03%, бірақ заем сомасынан 10% көп емес	Мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін мерзімі кешіктірілген төлемнің (негізгі борыштың және сыйақының) сомасынан
4.4.	Заемды нысаналы мақсатына сай пайдаланбау	10%	Нысаналы мақсатына сай падаланбаған заемның сомасынан, бірақ несиелік берешек қалдығынан 20%-дан көп емес. ККШ бойынша алынады
4.5.	Банктің қоймасынан/сақтау бөлмесінен құжаттарды уақытша беру кезінде қайтару мерзімін бұзу:		ККШ бойынша алынады
	− 3 айға дейін	0 теңге	
	− 3 айдан артық	Ай сайын 50 000 теңге	
4.6.	Клиенттің өтініші бойынша заем бойынша кредиттік берешек туралы анықтама беру үшін*	2000 теңге	Берілген әрбір анықтама үшін, бұл тарифке ҚҚС салынады
	*заем толық өтелгеннен кейін клиенттің жазбаша өтініші негізінде несие берешегінің жоқтығы туралы анықтама тегін беріледі.		
4.7.	Кепіл берушіге мынадай талаптарды бұзғаны үшін салынатын айыппұл: - кепілді заем бойынша берешек толық өтелгенге дейін кепіл мәніне арналған құқық белгілеуші, сәйкестендіру құжаттарының түпнұсқаларын сақтау бойынша міндеттемелерді орындау; - Банктің сұрау салуы бойынша кепіл мәніне арналған құқық белгілеуші және сәйкестендіру құжаттарының түпнұсқаларын ұсыну беру; - кепіл мәніне құқық белгілеуші және сәйкестендіру құжаттары бүлінген немесе жоғалған жағдайда оларды қалпына келтіру	5%	Кепілді заем бойынша несиелік берешек қалдығынан

* Заемды мерзімінен бұрын өтеген кезде сыйақыны есептеу заемды пайдаланған күндердің нақты санына жүргізіледі.

** Егер Сіз 01.07.2016 - 30.08.2022 жылдар аралығында берілген заем бойынша толық мерзімінен бұрын өтеуді 6 айға дейінгі (мерзімі 1 жылға дейінгі заем бойынша) және 1 жылға дейінгі (мерзімі 1 жылдан асатын заем бойынша) кезеңде жүзеге асырған болсаңыз, Сіз Банкке тиісті өтініш жасау арқылы толық мерзімінен бұрын өтеу үшін ұсталған комиссиялардың/тұрақсыздық айыбының есебін қайта тексере аласыз.